

Кен өндіру өнеркәсібіндегі еңбек қауіпсіздігі туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы 13 қаңтардағы N 17-ө Өкімі

Кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындарында еңбектің қауіпсіздігін арттыру
мақсатында :

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі жұмыс істеп тұрған шахталар мен разрездердің кен-геологиялық және техникалық жағдайларына баға беру негізінде үш ай мерзім ішінде кен өндірісін техникалық қауіпсіздік талаптарына жауап беретіндей деңгейге келтіру жөніндегі шаралар жоспарларын әзірлеп, бекітсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі: республикада кеншілерді құтқару ісін жетілдіру, салалық әскерилендірілген құтқару бөлімдерін нығайту жөнінде кідіріссіз шаралар қабылдасын, олардың мамандармен толықтырылуын және қажетті техникамен, авариялық-құтқару жабдықтарымен, газоаналитикалық бақылау құралдарымен және құтқару жабдықтарымен жабдыкталуын норматив талаптарына сәйкес келтірсін; жылдық және перспективалық жоспарлар жасаған кезде жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және кен өндірісінде еңбек қорғауға жұмсалған мақсатты шығындардың нормативтері мен мөлшерін анықтайтын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесіп, салалық әскерилендірілген құтқару бөлімдерін жабдықтау үшін кен құтқару жабдықтарының, өртке қарсы және авариялық-құтқару техникалары мен жабдықтарының жекелеген түрлерін республика кәсіпорындарында шығаруды ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі салалық министрліктермен бірлесіп, 1995 жылы көмір өндірісі саласындағы кәсіпорындардың және әскерилендірілген құтқару бөлімдерінің басшы құрамының басшы қызметкерлерінің, мамандарының біліктілігін көтеру үшін республикалық курс ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі 1995 жылдан бастап жыл сайын белгіленген тәртіппен республиканың салалық министрліктері мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеттің ұсынысы бойынша ерекше қауіпті өндірістер мен кен құтқару ісінің

техникалық қауіпсіздігі проблемалары жөніндегі маңызды ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру мәселелерін қарауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі салалық министрліктермен бірлесіп үш ай мерзім ішінде істің жағдайын қарап, 1995 жылдан бастап кен өндіру өнеркәсібінің бірлестіктері мен кәсіпорындары медициналық қызметтерін өндірісте жараланған жұмысшыларға көмек көрсету үшін дәрі-дәрмек бұйымдарымен және медициналық құралдармен қамтамасыз ету жөнінде қажетті шараларды белгілеп, жүзеге асыратын болсын.

7. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитет кен өндірісі кәсіпорындарында жұмысты қауіпсіз жүргізу жөнінде нормалар мен ережелерді сақтау үшін бақылауды күшейтсін, оларды бұзған жағдайда заң берген құқықты толық пайдаланып, кәсіпорындарда жұмысты тоқтатуға дейін шара қ о л д а н с ы н .

8. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитет жүйесінде жұмыс істейтін жұмысшылардың мәртебесін көтеру және еңбекке ынталандыру жөніндегі келісілген ұсыныстарды п ы с ы қ т а п , е н г і з е т і н б о л с ы н .

9. 1995 жылы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне мынадай заң жобалары мен басқа да нормативтік актілер жөнінде:

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі - "Қазақстан Республикасының кен заңының", Өнеркәсіптің кен өндіру салаларында жұмыс істейтін жұмысшылардың Жарғысының ж о б а с ы ж ө н і н д е ;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитет - " Өндірістік персоналға, халыққа және қоршаған ортаға аса қауіпті кәсіпорындарды, өндірістерді, объектілер мен бұйымдарды мемлекеттік техникалық қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының жобасы жөнінде;

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі - "Өндірістік жарақаттан және кәсіби аурулардан сақтандыру қоры туралы", "Кәсіпорындардың еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз етпегені үшін экономикалық жауапкершілігі туралы", "Еңбек қорғау қоры туралы". "Еңбек қорғауды қаржыландыру туралы" ережелер жобасы ж ө н і н д е ұ с ы н ы с т а р е н г і з с і н .

Премьер-министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК